



### ОНЛАЙН САУДАЛАСУ ОҢТАЙЛЫ МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### АСТАУДАН АЛЫСТАҒАН АС МӘЗІРІ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



### ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР ЕЛГЕ ҚАЙТАРЫЛСА...

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Мәдениетіміздің негізі – білім.  
Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді  
жұрттардың тілі бай болады.

Халел ДОСМҰХАМЕДУЛЫ

”

№13  
(4757)

Сейсенбі  
4 ақпан  
2025 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕҢ ЖОҒАРЫ ӨСІМ – АСТАНАДА

Ұлттық статистика бюросының 1 қаңтар бойынша ұсынған мәліметінше, Қазақстан халқының саны 20 286 084 адамға жетті.

Өткен жылы халық саны 252242 адамға көбейді. Елімізде 1 миллионнан астам халқы бар 7 өңір бар. Атап айтқанда, Алматы қаласында – 2292333 адам, Түркістан облысында – 2154334 адам, Алматы облысы – 1560377 адам, Астанада – 1528887 адам, Шымкентте – 1256263 адам, Жамбыл облысында – 1222513 адам, Қарағанды облысында 1133984 адам тұрады. Статистика мәліметтеріне сәйкес, ең жоғары өсім Астанада тіркелген. Елордада бір жылдағы өсім 6,7 пайыз болған. Ішкі көші-қон мен табиғи өсімнің арқасында ірі қалалардағы халық саны тұрақты түрде артып келеді. Сарапшылардың пікірінше, Астана ең қарқынды дамып келе жатқан шаһар болып қала береді.

САНСӨЙЛЕМ

БИЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ  
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША  
АСТАНАДА

# 1528 887

АДАМ ТҰРАДЫ



## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – ЖАҢА ТЫНЫС

Елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының жүзеге асырылуы мектептегі орын тапшылығын қысқартуға оңтайлы әсер етіп отыр. Былтыр Астанада 22400 оқушыға арналған 16 жаңа мектеп ашылса, биыл тағы 7 жаңа білім мекемесі пайдалануға берілетіні жоспарланған.

## ТАЗЫ МЕН ТӨБЕТ КҮНІ

Қазақ тазысы мен төбетінің өз мерекесі пайда болады. Экология министрлігі Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер жобасын дайындады.

Жоба бойынша мерекелік күндер тізіміне «3 қыркүйек – қазақтың ит тұқымдары күні» болып қосылады. «Тазы мен төбет – қазақтың байырғы ит тұқымдары, қазақ халқының мақтанышы, жеті қазының бірі. Тазы – адамның аң аулаудағы таптырмас көмекшісі, сонымен қатар төбет – ата-бабаларымыздың отары мен мүлкінің қырағы қорғаушысы» делінген құжатта.



## ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ВАУЧЕР БЕРІЛЕДІ

Career enbek сайтында жұмыссыз азаматтардан кәсіптік білігін тану үшін ваучерлер алуға өтінімдер қабылдау басталды деп хабарлады Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

Бұл бастама жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, азаматтардың кәсіби дамуын қолдауға және олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған. Өтінімдерді өңдеуді және консультациялық қолдауды барлық кезеңде еңбек мобильділігі орталықтары жүргізеді. Бір реттік ваучер кәсіби біліктілікті тану рәсімінен өтуге және азаматтың тиісті дағдысы мен тәжірибесінің болуын растауға мүм-

кіндік береді, бұл жұмысқа орналасуды жеңілдетуге көмектеседі. Ваучерлерді кәсіптік біліктілікті тану орталықтары қабылдайды, бұл жұмыссыз тұлғаларға рәсімнен тегін өтуге мүмкіндік береді. Ваучер алу үшін азаматтың ресми «жұмыссыз» мәртебесі болуы, Career enbek платформасында тіркелуі және жеке кабинет арқылы онлайн-өтініш беруі қажет. Өтінімдер осы жылдың 15 қазанына дейін қабылданады.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 543.11 \$ USD/KZT 517.84 ₸ RUB/KZT 5.28 ¥ CNY/KZT 71.49

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## КЕДЕНДІК БАЖ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕ МЕ?

Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің депутаттары Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитінің қорытындысы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында есепке жатқызу және бөлуге жататын кедендік әкелу баждарының сомасын есепке жатқызу және бөлу мәселелерін талқылауға арналған дөңгелек үстел өткізді.

Жиын осы сомаларды бөлу үдерісінде туындайтын өзекті мәселелер мен проблемаларды талқылау және осы рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында ұйымдастырылды.

ЕАЭО елдерінің қаржы тұрақтылығы мен экономикалық әл-ауқатында әкелу баждарын есепке алу және бөлу мәселесі маңызды рөл атқарады. Алайда шешуді талап ететін мәселелер бар. Олардың ішінде мүше мемлекеттердің бюджеттеріне баж

сомасының бөлінбеуі, қате аударылған қаржыны қайтару және кірістерді бөлудегі теңгерімсіздік, әсіресе Қазақстан сияқты ірі сыртқы сауда ағыны бар елдерге байланысты проблемалар бар.

Жиынға Жоғары аудиторлық палатаның, Қаржы, Ұлттық экономика, сондай-ақ Сауда және интеграция министрліктерінің өкілдері қатысты. Қатысушылар талқылау барысында мемлекеттік органдар өкілдерінің сөйлеген сөздерін тыңдады, ұсыныстар мен ұсы-

нымдарды талқылады. Сондай-ақ бажды қабылдау және бөлу рәсімдерін жақсарту мүмкіндіктері қаралды.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы 2010 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған келісімшарттар және олардың баждарды есепке алу үрдісіне әсеріне ерекше назар аударылды. Талқылау барысында айтылған ұсыныстар мен ескертулерге талдау жасалды. Олар дөңгелек үстел қорытындысы бойынша ұсынымдар топтамасына енгізілетін болады.

## ЖҰМЫС СЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Астанада Ұлттық құрылтайдың «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» атты жұмыс секцияларының отырыстары өтті. Секцияларға Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Руслан Желдібай, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек модератор болды. Сондай-ақ секциялардың жұмысына Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев қатысты.

Жиында Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Ұлттық құрылтайдың биылғы қызметінің негізгі бағыттары Президенттің қаңтар айында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында және Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде айқындалғанын айтты. Мемлекеттік кеңесші жүргізіліп жатқан реформалардың маңызын атап өтті.

«Бүгінде Мемлекет басшысының бастамасымен және басшылығымен мемлекеттімізді дамытуды және ұлттық экономиканың негіздерін нығайтуды көздейтін аса маңызды реформалар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Біз қазірдің өзінде бұл реформалардың нақты нәтижесін көріп отырмыз. Елімізде инженерлік желілер мен коммуналдық шаруашылық нысандары барынша жаңартылып жатыр.

Энергетика саласында ірі жобалар іске асырылуда. Барлық аймақта мыңдаған шақырым көлік, темір жолдарын жөндеу және салу жұмыстары қолға алынды. Бірқатар қалада әуежайдың ескі терминалы жаңартылып, жаңа терминал іске қосылды. Негізінен, мемлекет қолдауының арқасында ауыл шаруашылығы қызметкерлері рекордтық көлемде астық жинады. Тұрғын үй құрылысы, оның ішінде әлеуметтік тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып келеді. Мемлекет тарапынан ғылым мен білімді қолдау үшін бұрын-соңды болмаған шаралар қолға алынды. Қоғамда педагогтардың, дәрігерлердің, ғалымдардың мәртебесі, жұмысшы мамандықтардың абырой-беделі артып келеді. Жастарды тұрақты түрде қолдауға, бұқаралық спортты және креативті инициативаны дамытуға айрықша назар аударылып отыр. Мұның

бәрі – басталған өзгерістер мен қол жеткізген жетістіктердің аз ғана бөлігі. Президент ұсынған бастамалардың көбін жүзеге асыруға Ұлттық құрылтай мүшелері зор үлес қосып келеді. Бұл – мемлекет пен қоғамның өзара тиімді ықпалдастығының бір көрінісі» деді Ерлан Қарин.

Жұмыс секцияларының отырыстарында Ұлттық құрылтай мүшелерінің бастамалары мен ұсыныстарының орындалу барысы қаралды. Сонымен қатар азаматтық қоғамды дамыту және берекелі бірлікті нығайту, адам құқығын қорғау, мәдени-рухани даму, әлеуметтік мәселелерді шешу саласына қатысты ойларын ортаға салды.

Жиын соңында модераторлар талқылау кезінде көтерілген бастамаларды құрылтай хатшылығы төртінші отырысқа дайындық барысында пысықтап, жүйелейтінін атап өтті.

## ОТАНДЫҚ ТЕЛЕДИДАР САТЫЛЫМҒА ШЫҒАДЫ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Samsung Electronics Central Eurasia компаниясының президенті Юджин Джонгпен кездесті. Үкіметтің баспасөз қызметінің мәліметінше, кездесуде тараптар ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады.



Роман Скляр жергілікті өндірушілерді жаһандық жеткізу тізбегіне енгізу, оқшаулауды तेңдету, өндірістің өсімін қамтамасыз ету және шығарылатын өнім номенклатурасын кеңейту жұмыстарын жалғастырудың маңызын атап өтті. Кездесу аясында Samsung Electronics

Central Eurasia мен Silkroad Electronics зауыты арасында келісімге қол қойылды, оның шеңберінде Samsung компаниясының алғашқы қазақстандық теледидарлары 2025 жылдың екінші тоқсанында сатылымға шығады. Бұл жоба отандық машина жасау саласы үшін

қосымша мүмкіндіктер ашып, жоғары білікті жаңа жұмыс орындарын ашуға септігін тигізеді. Сондай-ақ кездесу барысында тұрмыс техника өндірісі және тығыз кооперациялық байланыстарды одан әрі дамыту саласындағы басқа да бірқатар мәселе талқыланды.

## ФОРУМ БИЫЛ ӨТЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің Астана халықаралық форумын өткізу туралы өкімі жарияланды.

Іс-шараны дайындау және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді.

Құжатта форум қашан өтетіні туралы көрсетілмеген. Өткен жылдың 13-14 маусымына

жоспарланған Астана халықаралық форумы елдегі су тасқынына байланысты өтпегені белгілі.

## АЙЫППҰЛ САЛЫНБАЙДЫ

Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха көлікті 5 минуттан артық қыздырғаны үшін айыппұл салатын заң жоқ екенін айтты. Ол ақпарат бұрмаланып кеткенін түсіндіріп берді. Жол қозғалысы туралы заңда «тоқтау» және «тұраққа қою» ұғымдары бар.

«Бес минутта көлікті қыздырсын деп айтылмаған. Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған механикалық көліктердің тұрғындарға ыңғайсыздық тудыратындай етіп

елді мекендерде тоқтауына тыйым салынады. Біз тек шағым бойынша адамдарды осы ережемен жауапкершілікке тартамыз. Өткен жылы мұндай 3 оқиға тір-

келіп, прокуратура оның 1-еуінің күшін жойған. Яғни қозғалтқышты қыздырғаны үшін ешкімді жауапкершілікке тартпаймыз» деді И.Лепеха.



## ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ МЕРЗІМІ БЕКІТІЛЕДІ

Елімізде емделушілердің медициналық деректерін сақтау мерзімі бекітіледі. Денсаулық сақтау министрлігі цифрлық деректерді жинау, өңдеу, сақтау және қорғау қағидаларына түзетулер жобасын дайындады.

Онда диагностика жабдығының көмегімен медицина қызметкері алған ақпараттарды сақтау мерзімі ересектер үшін – 10 жыл, балалар үшін 15 жыл деп көрсетілген. Осы уақыт аралығында

емделушілердің компьютерлік томография, рентгенография, ЭКГ, эндоскопия нәтижелері, МРТ сияқты деректері сақталады. Дербес деректерді жинау бірегей сәйкестендіру нөмірлерін беру

арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін медициналық ақпарат түгел жойылады. Жоба 14 ақпанға дейін «Ашық» порталында халықтың талқысында болады.





## ЕРЕКШЕ ЖАНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордадағы ерекше қажеттіліктері бар адамдармен, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен тұрақты түрде кездесіп тұрады. Бұл туралы бас шаһар басшысы өзінің Instagram-дағы парақшасында жазды.

– Ерекше қажеттіліктері бар адамдармен бірлесе отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасаймыз. Кездесу барысында инвентакси, медициналық көмек, пандустар, инфрақұрылым және т. б. мәселелер талқыланды.

Маңызды мәселе – инвентакси. Жыл сайын біз арнайы техниканың санын да, қызметтерді сатып алу көлемін де

арттырамыз. Сол сияқты биыл оңалтуға қажетті техникалық құралдарды жеке сатып алуға арналған соманы арттырамыз, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ ол ағымдағы жылы мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалатын қамқорлықтың жалғасатынын атап өтті.

– Биыл тағы 3 Оқушылар сарайын пайдалануға беруді жоспарлап

отырмыз. Олардың бәрінде бассейн болады. Аталмыш әлеуметтік нысандарға ерекше қажеттілігі бар балалар да бара алады. Былтыр жол жұмысы кезінде мүгедектер арбасына арналған 150 пандус орнатылды, сонымен қатар Тұран даңғылының бойындағы жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне («Хан Шатыр» СОО-ға қарама-қарсы) пандустар қойылды, А.Бараев және т. б. көшелердің бойында орналасқан жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі лифспен жабдықталды. Бұл жұмыстың барлығы әрі қарай да жалғасады. Кездесуде көтерілген мәселелер де назарға алынды, – деді Жеңіс Қасымбек.

## СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖАЛҒАСАДЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында көктемгі су тасқынының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы жазды.



Қыс басталғалы бері коммуналдық сала мамандары қала аумағынан 4,5 млн текше метрден астам қар шығарған.

– Қалада су тасқынына қарсы белсенді жұмысты жалғастырамыз. Жыл басынан бері арық-науа желісінің 11,5 мың погонды метрі тазартылды, 8640 погонды метр коллекторлар, 428 бақылау және жаңбыр қабылдау құдығы жуылды, станциялардағы бірнеше сорғы жабдығы ауыстырылды. Сол сияқты Есіл өзенінің арнасына реконструкциялау (су реттейтін бөгет, 5-кезек) жүргізілді, нөсерлі кәріз жүйелеріне заңсыз қосылуды анықтау бойынша жұмыстар істеліп жатыр және жеке тұрғын үй секторларында рейдтер жүргізілуде, – деді Ж.Қасымбек.

Бұл ретте елорда әкімі азаматтық қорғау органдарының, коммуналдық қызметтер және т. б. жедел қызметтердің тұрақты дайындықта екенін, елді мекендер мен су тасқыны қаупі бар учаскелерге, су өткізу құрылыстарын тазартуға, нөсерлі кәріз жүйелерін салуға ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті.

## ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРДІ

Бас қаладағы Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияда «Тәртіпті өзіңнен баста!» акциясы өтті. Елорда әкімдігі мен «Әскери интеграциядан кейінгі қоғамдастығы» қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдастырған іс-шараға 100 оқушы қатысты.

Акцияны ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай іс-шараларды өткізіп тұру жас ұрпақ үшін өте маңызды. Өйткені оқушылар қоғамдық орындарда өзін қалай ұстау қажеттігін, заң талаптарын тек қана мектеп мұғалімдерінен естіп қана қоймай, сала мамандарынан, қоғам белсенділерінен тындап білсе, ақпарат анағұрлым жақсы қабылданып, балалардың жадында сақталып қалмақ.

– Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия базасында «Тәртіпті өзіңнен баста!» акциясын өткіздік. Іс-шара аясында оқушылармен бірге тәртіп және заң тақырыптарын талқыладық. Атап айтқанда, оларға Қазақстан Республикасының заңнамасын, жол қозғалысын сақтау, қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерін түсіндірдік. Соның ішінде бүгінгі қоғамымызда өзекті мәселелердің біріне айналып отырған нашақорлықпен



күрес жөнінде айтылды. Яғни оқушыларға бөгде адамдардан белгісіз заттарды алмау қажеттігі, бұл нашақорлықтың жасырын тасымалы болуы мүмкін екені ескертілді. Сондай-ақ оқушылар әскер қатарына қабылдау және басқа да сұрақтар қойып,

тұшымды жауап алды, – деді «Әскери интеграциядан кейінгі қоғамдастығы» қоғамдық қоры бас директорының орынбасары Ернар Жанахметов.

Оның айтуынша, оқушылар іс-шараға белсенді араласты және акция өзінің дiттеген мақсатына жетті.

Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді Өндіріс тұрғын алабының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында аудан басшысы жол, газдандыру, қоғамдық көлік, әлеуметтік нысандар және өзге маңызды салаларда жүзеге асқан жобалар жайында айтып, тұрғындардың сауалдарына жауап берді.

## ЖОБАЛАР ЖАЙЛЫ БАЯНДАДЫ

– Басым бағыттардың бірі – ауданды көгалдандыру. Аудан бойынша 2024 жылы барлығы 1204 ағаш отырғызылды, – деді әкім.

Сондай-ақ Талғат Абайұлы жылы аялдамалар туралы айтты.

– Былтыр 10 жылы аялдама орнатылды. Олар Өндіріс тұрғын алабында Қ.Кемеңгерұлы, Үшқоңыр, Тайбурыл көшелеріне қойылды, – деді Талғат Рахманберді.

Өндіріс тұрғын алабында сумен жабдықтау және нөсер кәріз желілерін салу жобасы іске асады. Қазіргі уақытта жобаларды іске асыру аясында тиісті дайындық жұмысы жүргізілуде. 12 шақырым сумен жабдықтау, 17 шақырым кәріз желілері жоспарлануда. Сондай-ақ биыл 5 аялдама орнату, 80 шақты мекенжайда 200-ден астам бейнебақылау камерасын қою жоспарланып отыр.

– Биыл да ауданымызда үлкен жұмыс жоспарланған. Өз кезегінде біз тұрғындармен тығыз байланыста болып, пайда болған кез келген мәселелерді шешу үшін жұмыла еңбек етеміз, – деді аудан басшысы.



Алдағы уақытта Байқоңыр ауданында әлеуметтік нысандар салу жоспарланып отыр.

– Өндіріс тұрғын алабында денсаулық сақтау саласындағы өзекті жоба әзірленіп жатыр. Бұл – Өндіріс тасжолы мен С-638 көшесінің қиылысында дәрігерлік амбулаториялық кешеннің құрылысы. Аталмыш жоба сараптамаға 2026 жылдың ақпан айында енгізіледі, – деді аудан әкімі.

Сабина КӘКІМЖАН

## ЖОЛТАР АРҚЫЛЫ КӘСІБІН КЕҢЕЙТТІ

Жолтар жобасын жүзеге асыру жалғасуда, оның аясында астаналықтар тиісті мамандықтар бойынша тегін оқудан өтіп, жұмысқа орналасып, табысын арттыра алады. Бағдарламаның түлегі Айжан Мыңжасарова өз жетістігі туралы сыр бөлісті.



Жеке ательесін ашып, аутизммен ауыратын балаларға арналған бұйымдарды тігумен айналысқан ол достарынан Жолтар курстары туралы біліп, өз саласында білімін арттыру үшін курсқа жазылады.

– Киімді модельдеу және жобалау сабағында көптеген пайдалы ақпарат алдым. Негізгі заттарға арналған үлгілерді жасауды зерттедік және үлгілерді құру бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулар алдық. Бұрын осы бағытта білімім болған, бірақ уақыт өте келе ұмыта бастадым. Курста сол білімімді есіме түсірдім. Бізге үйретілген әдіс өте тиімді болды. Мен киімді құрастыру процесін жақсы түсіндім, – деді жоба түлегі.

Айжанның айтуынша, ұстаздың тәлімгерлігі мен қажырлы еңбегінің арқасында аз уақыттың ішінде біраз мәлімет менгеріп, қызықты

адамдармен жүздесті. Бірінші курсты бітіргеннен кейін ол жарнама таргеттеу саласында оқуын жалғастырады.

– Бұл мамандықты өзім үшін үйренбек болдым. Бұрын оның қалай жұмыс істейтінін білмейтінмін. Бәрі соншалықты қиын емес болып шықты. Таргетті жарнаманы іске қосудың негізгі алгоритмдері егжей-тегжейлі түсіндірілді. Сондай-ақ бізге маркетинг және жарнамаларды жариялау кезінде нені ескеру керектігі, клиенттерді көбірек тартуға қандай маңызды жайттар көмектесетіні туралы айтылды. Атаулы жарнама курстарында бізге тек теория емес, өз тәжірибесінен алған оқиғалары туралы ой бөліскен тәжірибелі маман сабақ берді. Курстың арқасында жаңа білім менгердім және құнды тәжірибе алдым, – деді Айжан Мыңжасарова.



№13 (4757) 04/02/2025 Сейсенбі

Индира  
БЕРЖАНОВАОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫН  
ШЕШУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы оқушы орындарының тапшылығын жою, білім алушылардың сапалы оқуына ықпал ету, білім беру стандартын арттыру мақсатымен іске асырылуда.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» деп Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында атап өткен еді. Ал жуырда Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында ұлттық жоба 2025 жылы аяқталатынын айтты.

Десе де бас қалада балалар игілігі үшін өткен жылы 24 мектеп ашылып, 4 үш ауысымды мектептің (№27, 41, 69, 89), 5 тығыздалған мектептің (№17, 59, 63, 67, 85), 1 апатты мектептің (№12) және 18795 орындық тапшылық мәселелері шешілді. Орын тапшылығын оңтайлы реттеуде «Жайлы мектептердің» үлесі басым. Қалалық Білім басқармасының ақпаратына сәйкес, ендігі кезекте, айтып өткендей, 7 жаңа оқу ошағы қолданысқа беріледі. Олардың қатарында Нұра ауданында 8 мың орындық 4

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» –  
ЖАҢА ТЫНЫС

Елордада әлі де үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептер бар. Осы мәселені шешіп, оқушыларға арналған жаңа орындар ашу үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Оның аясында былтыр 22400 оқушы орнына арналған 16 жаңа мектеп ашылса, биыл 14 мың орындық 7 жаңа білім ошағы пайдалануға берілмек.

оқушы қабылданып үлгерді. №71, №79 және №90 мектептердің білім алушылары құжатын тапсырып, осылайша үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге мүмкіндік беріліп отыр.

«Жайлы мектеп» жаңа мүмкіндіктер мекені болмақ.

залы, 4 спорт залы, жаңа модификациялық үлгідегі информатика, химия, физика, биология, технология кабинеті, музыкалық аспаптар кабинеті, кітапхана және 3 кітап қоймасы бар. Сондай-ақ робототехника, визуалды дизайн оқытуға

ұсынады. STEM және робототехника кабинеттерінде оқушылар бағдарламалау негіздерін үйреніп, ақпарат технологияларын меңгереді. Тіпті өздерінің алғашқы IT-жобаларын жасай алады. Робототехниканы меңгеру болашақта техникалық мамандықтарды таңдауға түрткі болуы мүмкін.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда кітапхана-медиатекада, кітап қорынан бөлек, электрондық оқулықтар, интернет-ресурстарға қолжетімділік, бейнематериалдар және басқа да медиа құралдар бар. Медиа кабинетінде мобилографиямен айналысуға, дыбыс жазуға арналған барлық құрылғы оқушыларымызға қолжетімді. Мектебімізде баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі бірінші орынға қойылады. Сондықтан оқу орны заманауи бейнебақылау камералары жүйелерімен қамтамасыз етілген» деді Астана қаласы №100 орта мектебінің директоры Мұрат Ахметов.

Мектеп директорының айтуынша, аталмыш білім ошағының оқу бағдарламасында өзгешелік жоқ, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде бір ауысымда оқытады.

– «Жайлы мектеп» жобасы осында білім алатын әрбір оқушы мен әрбір ата-ана оқу ордасына қуанып келетіндей жағдай жасауға бағытталып отыр. Жаңадан ашылған мектебіміздің эмблемасындағы 100 санының ішіне баланың бейнесін қойдық. Яғни әрбір бала – жарық жұлдыз. Сол жарық жұлдызды жағатын біздің жаңашыл идеяларға толы ұлағатты ұстаздарымыз бар. Әр оқушының қабілетін ашу мақсатында түрлі мүмкіндік ұсынылатын мектебімізде тың жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз, – деді М.Ескендірұлы.

**P.S:** «Жайлы мектептердің» салынуы – еліміздің білім беру саласындағы маңызды әрі айтулы қадам. Жоба саладағы өзекті үш мәселе – үш ауысымды оқытуды, апатты жағдайдағы орта білім беру ұйымдарының жағдайын және орын тапшылығын шешуді көздейді. Білім сапасын арттыруға негіз болатын өзгерістің бастамасы ретінде ұлттық жобаның игілігін әр оқушы көруге лайық.

**Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясы  
Басқару институтының  
директоры, Астана қаласы  
Қоғамдық кеңесінің төрағасы,  
ҚР Ұлттық құрылтай мүшесі:

БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ  
НАҚТЫЛАДЫ

– Президентіміз Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономиканы дамыту және диверсификациялау бағытында нақты 8 басымдылық бойынша тапсырма берді. Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының басты мақсаты да сол – халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту.

Экономиканы әртарапандырудан бастап, ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту, елдегі әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажеттілігіне тоқталған Мемлекет басшысы «Қазір дүние жүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатыр. Жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына әсерін тигізетіні анық» дей келе, осындай сын сағатта Үкімет пен әкімдердің жұмысы қаншалықты тиімді екенін алдымен экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасына қарай бағалаймыз деп ашық айтты.

Қалыптасқан сыртқы факторларға қарамастан, еліміздің экономикасы өсіп жатыр, бірақ шешімін таппаған түйткілдер әлі де көп екеніне назар аударды. Осындай сәтте атқарушы билікке артылатын жүктің салмағын саралай келе, Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметшілердің бойындағы жауапкершілікті күшейту керектігіне ерекше назар аударды.

«Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек». Елімізде халық сайлаған жаңа әкімдердің буыны қалыптасқаны туралы айта келе, олардың арасында бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген әкімдерді, сонымен бірге, түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді

дайындықтан өткізу мәселесі өте өзекті екеніне назар аударып келе, Үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп отырып «Әкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырды.

Осы тұста әл-Фараби бабамыздың ел басқарушыға қойылатын талаптары еске түседі. Ғұламаның «Шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек. Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт» деген өсиеті болашақ ел билеушілерге қаратып айтылған сөзі деп қабылдау керек. «Әкімдер мектебі» мемлекеттік басқару саласында келешекте дәл осындай отанышыл, мемлекетшіл, адал да әділетті әкімдер легін қалыптастырады деп сенеміз.

Президентіміз билік басына келгеннен бері мемлекеттік аппараттың басты міндеті азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу деп айтып келеді. Ол үшін, ең алдымен, қоғаммен ылғи да кері байланыс орнату керектігін тағы да бір нақтылап айтты. «Әдетте, азаматтардың өтініштерінің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан бұл жерде барлық құзырлы орган жұмыла жұмыс істеуге тиіс» екенін атқарушы биліктің есіне қайта салды.

Қорыта келе айтқанда, заманында Асан қайғы бабамыз бізге, ұрпағына «Қарындасты жамандап, сақасын арттыру – басты мақсат. Қарындасты жамандап, сақасын арттыру – басты мақсат?» деп өсиет қалдырған еді. Сол өсиетке адал болайық. Күн сайын мың құбылған жаһандық жағдайда сыртқы күштерге күлкі болмай, жақсымызды асырып, бірлігіміз бекем, тірлігіміз мықты, озық ойлы ұлт болуы жолында бірге болайық және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Қушті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».



**Бекдайыр НЫФМЕТҰЛЫ,**  
республикалық «Әкелер одағы»  
қоғамдық бірлестігі Астана қаласы  
филиалының төрағасы:

САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ –  
САНАЛЫ ТӘРБИЕ

– Елімізде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Жайлы мектеп» атты бірегей ұлттық жоба қолға алынды. Бұл мақсаты айқын, бағыты тың жоба ретінде көпшілік үшін қуанышты жаңалық болды. Әсіресе ата-аналар тарапы балаларын заманауи үлгідегі, дамыған мемлекеттердің тәжірибесін негізге алған жаңа мектептерде оқытуды асыға күтті. Елордада демографиялық өсім жоғары. Сондықтан осындай сапалы білім беретін оқу орындарының санын арттыру аса маңызды. Белсенді ата-аналармен бірге мен де жоба ұсынатын бар мүмкіндіктерді күесі болдым. Жоба аясында ашылған мектептер заманауи құрылғылармен және зертханалармен толық жабдықталған. Оқулықтар мен жеке хаттарды сақтауға арналған жеке шкафтар орнатылған. Осылайша оқушылардың ауыр сөмкесін біршама жеңілдетуге мүмкіндік туады. Оқушылар мен оқытушы-

ларға қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау және білім беру қызметінің сапасын арттыру – басты мақсат. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бастауыш және жоғарғы сыныптарға арналған бөлек блоктар қарастырылған. Әр блоктар өз асханасы мен спорт залы бар. Яғни «Жайлы мектеп» жобасы – бүгінде білім беру саласын дамыту бағытындағы жаңа қадам. Елімізде педагог мәртебесі артып, оқушылардың осындай оқу орындарында жоғары жетістікке жетуі сөзсіз қуантады. Бұл тұрғыда «ата-ана – оқушы – ұстаз» үштігі бірге жұмыс істемей, сапаға қол жеткізу қиын. Сондықтан елорда мектептерінде өзара тығыз қарым-қатынасты орнату мақсатында «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер кеңесі» және «Аналар ұйымы» секілді топтар белсенді жұмыс істеуде. Әрбірі мұндай сапалы білім беру орындарында саналы тәрбие беруді көздейді.



мектеп, Алматы ауданында 4 мың орындық 2 мектеп және Байқоңыр ауданында 2 мың орындық 1 мектеп ашылуы тиіс. Жалпы 2024-2025 оқу жылында 90 мың оқушы орнына арналған 24 «Жайлы мектеп» ашылады.

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН  
МҮМКІНДІГІ КӨП

Ұлттық жоба аясында салынған білім ошақтары оқушылар мен педагогтарға қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасауды көздейді. Жайлы деген мектептердің жай мектептерден артықшылығы да көп. Солардың бірі – елорданың Нұра ауданында орналасқан, жалпы аумағы 23 мың шаршы метрді құрайтын №100 орта мектеп. Қаңтарда ашылған мектеп 2 мың оқушыға арналған, бүгінде оған 573

**ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМА-  
СЫНЫҢ АҚПАРАТЫНА СӘЙКЕС,  
ЕНДІГІ КЕЗЕКТЕ, АЙТЫП ӨТКЕН-  
ДЕЙ, 7 ЖАҢА ОҚУ ОШАҒЫ ҚОЛДА-  
НЫСҚА БЕРІЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ ҚАТА-  
РЫНДА НҰРА АУДАНЫНДА 8 МЫҢ  
ОРЫНДЫҚ 4 МЕКТЕП, АЛМАТЫ  
АУДАНЫНДА 4 МЫҢ ОРЫНДЫҚ 2  
МЕКТЕП ЖӘНЕ БАЙҚОҢЫР АУДА-  
НЫНДА 2 МЫҢ ОРЫНДЫҚ 1 МЕК-  
ТЕП АШЫЛУЫ ТИІС**

Басты мақсатымыз – әр балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде барлық жағдай жасалған дегім келеді. Мәселен, мектебімізде барлық 130 оқу кабинетіне қажетті компьютерлер қойылған. 1 жеделсаты, 360 орындық асхана, 432 орындық акт

арналған арнайы құрылғыдағы кабинетке қоса логопед, дефектолог, психолог мамандарының жұмыс бөлмелері қарастырылған.

Мектеп талғамға сай безендіріліп, жарық әрі жайлы етілген. Инклюзивті білім берудің жоғары деңгейі сақталған. Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы кабинеттер барлық балаға тең мүмкіндіктер





Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, былтыр ел тұрғындары онлайн-сауда жасауға 3,2 триллион теңге жұмсапты. Жалпы 2020 жылдан бастап елдегі электрондық сауда көлемі бес есеге өскен. Салада 300 мыңнан астам жұмыс орны пайда болып, еңбек өнімділігінің өсуі дүкендер мен нарықтық сатылымдарға қарағанда 30%-дан асыпты. Әрине, мұны әлем елдеріндегі деңгеймен салыстыра алмаймыз. Бірақ электронды саудаға келгенде жастардың құлшынысы саланы дамытуға көп мүмкіндік барын көрсеткендей. Әрі уақыт өткен сайын қаржылық технологиялардың дамуы, қолжетімді интернет пен қолма-қол ақшамен есептесудің көбеюі – Қазақстандағы онлайн-сауда көрсеткішін жыл-ма-жыл өсіріп келеді.



## ОНЛАЙН САУДАЛАСУ ОҢТАЙЛЫ МА?

емес, сонымен қатар, баға арзандығы, кең ассортименті және интернет-сауданың ыңғайлылығына болса керек. Бірақ зат сатып алғанда, осы процестің оң және теріс жағын ескермекке болмайды. Мысалы, кедендік баж бен салық құнын арттыруы мүмкін. Сондай-ақ Қытайдан әкелінетін киімдердің өлшемдері бойынша мәселе жиі туып жатады. Себебі олардың өлшемі сіздің тапсырысыңызға сай болмайтын кез болады. Тағы бір кемшілік – ол жақтан танымал брендтерден жалған өнімдер сатып алуыңыз ғажап емес. Бұған қосымша жеткізудегі уақыт ұзақтығы және тауардың сапасы көрсетілген сипаттамасына сәйкес келмеуі болып отыр.

Онлайн-сауданың бір артықшылығы – уақыт үнемділігі. Кез келген жерден жарты сағат уақыт бөліп, телефон арқылы тапсырыс бере саласыз. Сауда үйлерін аралаудың қажеті жоқ. Бұған қоса, өзіміз сияқты тұтынушылардың тауарға берген бағасын және пікірлерін оқып, өнім жайында ақпарат алуға да мүмкіндік бар.

«Маған осы электронды сауда түрі ыңғайлы әрі тиімді. Мысалы, «Магnum» гипермаркетіне азық-түлікке тапсырыспен алдырамын. Олар да өз тұтынушысына ұнау үшін сапалы тауар жіберуге тырысады. Егер бүлінген не мерзімі өткен азық-түлік келсе, шағым беріп, орнына дұрыс тауар алдыра аласыз. Ал шетелге тапсырыс беруге келсек, кейінгі екі-үш жылда Қытайдың «Пиндуодоу» сайтынан өзіме керек-жараққа, көбінесе киімге тапсырыс беремін. Кейде алған затыма көңілім толмайды, кейде ойлағанымнан да жақсы болып шығады. Жеткізу уақытынан кеш келетін кез жиі кездеседі. Дегенмен онлайн-сауданың тиімді тұстары көп. Былтыр осы сайттан 50 мың теңгеге үлкен көлемде сауда жасадым. Ол сомаға екі түрлі аяқ киім, 4 жейде, 3 көйлек, бірнеше белдік кірді. Жергілікті дүкенде маған бұл тауарлар 3-4 есе қымбатқа түсер еді» дейді қала тұрғыны Бекзат Аманов.

Оның айтуынша, арзан баға, таңдау молдығы, қосымша көтерме бағада зат алу – ақшаға үнем болатыны өтірік емес. Сондай-ақ бүгінде Қытайдың көп интернет-дүкендері бүкіл әлем бойынша тегін жеткізуді қолға алған.

Жалпы, Қытайдан сатып алудың жақсы жағы да, зияны да бар. Сол үшін сатып алу шарттарын, сатушының пікірін мұқият зерделеу керек. Жоғарыда айтқандай, тосын сыйларға (алдану, тауар сапасыздығы, т.б.) дайын болған жөн. Ал аға буынға әлі де ыңғайлысы – дүкенге барып, тауарды қолмен ұстап, көзбен көріп сатып алу. Олар онлайн-саудаға келгенде сапасыз тауарға тап боламын немесе алаяққа алданымын деп

қауіптенеді. Болмаса интернеттегі тауар тым қымбат болып көрінеді. Екіншіден, оларға базар мен үлкен маркеттерді аралап жүрген де ұнайды.

### ОЛАР НЕ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕДІ

Мойындау керек, бізде жеңіл өнеркәсіп болсын, не тұрмыстық заттар болсын, жалпы оны шығаратын зауыт-фабрика аз немесе мүлде жоқ деуге де болады. Халық қажеттілігін өтейтін өндіріс болмаған соң қажеттінің бәрін сырттан арқалауға мәжбүрміз. Бұл – айналма-қатесіз шындық. Қытай асып, қарекет қылып жүргендердің дені осы пікірді айтады. «Ең қарапайым мысал, біз етті жақсы көреміз, бірақ артынан тіс шұқығышты Қытайдан әкеліп отырғанымыз ойландырмайды» дейді Нұрсәуле Адаққызы.

«Қытайдың ұтып отырған жері – қазаққа не әлемге керек екенін білуінде. Жалпы Қазақстанды кезіп жүрген мынадай аңыз бар. «Әр қытайдың ауласында бір-бір цех бар». Бұл нені білдіреді? Бұл – олардың зауыт пен цехты көптеп салып, керекті дүниені шығаруы және оны экспорттай алуы. Яғни, экономика-сының жыл санап емес, күн санап өсуін білдіретінінен болса керек. Мен билетіндей, әр қытай ауласында емес, әр қаласында зауыт, цех толып жатыр. Тіпті шағын қалашықтарда қалдық қағаздарды жинап, өңдеп, қайта шығарады. Киім, техникаға қосалқы бөлшек, қазіргі қолданыстағы телефон брендтері мен аксессуарлар, т.б. шығару – олар үшін үйреншікті іс. Өзім билетіндей, сапа жағынан мықты, зауыттары өте көп, өнімін шетелге экспорттаушы екі қала бар. Ол – Гуанчжоу мен Иу (Цзиньхуа). Онда Қытайдың өзге жерінде сатылатын заттың сапасынан өте жоғары тауарлар табылады. Бағасы да көңілге қонымды» дейді бұрынғы кәсіпкер Нұрсәуле.

«Карго» дейтін дүние бар. Нұрсәуленің айтуынша, бұл – ұйым. Яғни, заттарды жеткізуші топ. Өйткені мұнда екі немесе бес адам жұмыс істемейді, одан да көп қызметкер болуы мүмкін.

«Бұл жерде ұйымның екі нүктесі болады. Бірі – Қытайдың Гуанчжоу қаласында. Оны А нүктесі делік. Онда арнайы қойма болады. Сол жерге сатып алынған барлық тауар жиналады. Артынша жүк көлігіне артылады, шекарадан өтіп, екінші Б нүктесіне жетеді. Оны Алматы қаласында деп есептейік. Екі нүкте аралығындағы жол уақыты кемінде бір апта, әрі кетсе 10 күнге созылуы мүмкін. Алматыға жеткен соң карголықтар жеткен тауарды жан-жаққа такси немесе почта қызметі арқылы жөнелтеді. Ескеретін нәрсе, тапсырыс беруші әр заттың

бағасынан бөлек, әр келісіне түрлі бағада (3,5-4,2 доллар) ақша төлейді. Мейлі ол киім болсын, мейлі, тұрмыстық бұйым болсын, белгілі баға бар» дейді ол.

Нұрсәуленің сөзінше, зат бағасы мен кедендік салықты қосқанның өзінде келген бұйым бағасы біздің нарықтағы бағадан әлдеқайда төмен. Мысалы, Қытайдан 15 мыңға сапасы тамаша люстра алдың. Кеденнен өтерде әр заттың келісіне 3,5-4,2 доллар аралығында салық ұсталатынын ескерсек, салмағы 2 келілік люстраға шамамен 5 мың теңгеге жуық төлейсіз. Сонда барлық құны 20 мың теңгеге жап-жақсы жарықшамды үйге орнатуға болады. Ал дәл сол бұйым біздің елде 35-40 мың теңгеден кем емес.

2019 жылдан бері қарай біздің еліміз Қытайдан көбіне-көп киім-кешек, тұрмыстық заттарға тапсырыс берген. Тіпті тойшыл қазақтар құдалыққа қажеттілерді (киім) де аспан асты елінен алдыратын көрінеді. Кейінгі хит тауарлар тізімінде оңай құрастырмалы жиһаздар, балаларға арналған, құламайтын, сыйбайтын мүліктер, ұялы телефон, т.б. заттар бар.

«Қазір бизнеспен айналысып, тіпті өзінің брендтік үлгідегі заттарын сатып жүргендердің дені өзінің фабрикасы не цехында өндіріп жатыр деймісіз? Жо-жоқ, барлығы да қытайлық заттар. Сонда тапсырыс беріп, сонда арнайы брендтік атауды жаздырып әкеліп, саудаға шығарып жүргендер көп. Мұны отандық өнім дей аламыз ба? Екіншіден, Қытайда барлық дүние қайталама дүние десек болады. Мысалы, корей сериалдарындағы киінген өртістердің киімі ертеңгі күні қытай базарында тұрады. Өйткені Кореяның сериалын қызығып, соған еліктейтін жас буын көп. Оны қытайлар беске біледі. «Аидас» бренді. Мұның жақсы сапада да, нашар үлгіде де тігілетіні бар. «Зара», «Диор», «Эйпл» өнімдерінің люкс сападағы үлгісін шығаруда көршіміздің бәсі жоғары» дейді Нұрсәуле.

Әлемдік сарапшылардың айтуынша, бұл елдің сырт мемлекеттермен сауда қатынасы тым жылдам. Қазақстанмен де тауар айналымында алғашқы орында Қытай тұр. Былтыр екіжақты тауар айналымы 9%-ға өсіп, 43,8 млрд долларға жеткен. Жалпы Қытай Қазақстанның 5 үздік инвесторының қатарына кіреді. Бүгінде 11 мың жұмыс орны ашу арқылы 8,7 млрд долларға 62 қазақ-қытай жобасы іске асқан. Сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері бойынша 2024 жылдың 11 айында Қазақстан мен ҚХР арасында жүк тасымалдау көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға өсіп, 29,3 млн тоннаны құраған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында жүргізушілерді даярлау деңгейінің төмендеп кеткенін, соның салдарынан жол апаттары көбейгенін, бұл мәселе қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отырғанын атап өтті.

## КУӘЛІК БЕРУДІ ҚАТАҢДАТАЙЫҚ

**Қ**азір жол апатының өзеңкілігі артып, жыл сайын дүние жүзінде 1,19 миллион адам жол-көлік оқиғасынан көз жұмады.

Қазақстандағы көрсеткіш те жоғары. 2024 жылы 31,5 мың жол-көлік оқиғасы орын алып, соның салдарынан 2579 адам бақилық болды. Жол апаттары жылдамдықты шамадан тыс арттыру, мас күйінде рульге отыру және ережені өз деңгейінде сақтамай көлік жүргізу салдарынан жиі жол апаттары орын алады. Бұл дегеніміз көлік жүргізушілер арасында жауапкершілік төмендеп, жолда жүру ережесін сақтамайтындар көп. Бұған әсер ететін фактілер көп. Соның бірі – жүргізуші куәлік беретін орындардағы сыбайлас жемқорлық. Әрине, бақылау жоқ жерде жөнді тәртіп те болмайды. 2009 жылы Ішкі істер министрлігі жүргізушілерді даярлайтын оқу ұйымдарын лицензиялау алынғалы мониторингтік бақылау тоқтады. Қазір автоматтептерде оқымай-ақ анықтама алып, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында сынақ тапсыра алады. Қазіргі уақытта автоматтептер ешқандай жауапкершілік алмайды, куәлік алуға ниеттілерге оқыды деген анықтама оңды-солды береді. Содан кейін мамандандырылған ХҚО теориялық және практикалық емтиханнан өтудің түрлі әдіс-тәсілін қарастырады. Теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру процесінде бұзушылықтар бар. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында автоматтандырылған жүйемен емтихан тапсыру кезінде манипуляцияны қолданудың 222 фактісі анықталды. Біз Көкшетау қаласында, Өскеменде осы фактілері анықталып, жауапты мамандар жазаланғанын жақсы білеміз. Әлем елдерінің тәжірибесіне қарағанда, Австралия, Жапония, Италия, Финляндия, Швеция және Германияда жүргізуші куәлігін алу өте қиын. Бұл елдердің кез келгенінде автоматтептер жүргізушіге жоғары талап қояды. Мәселен, рейтингте бірінші орында тұрған Австралияда жүргізуші куәлігін алу үшін бірнеше жыл керек. Осы уақыт ішінде жүргізу екі рет теориялық, екі рет практикалық сынақтан өтеді екен. Бізге де әлем елдерінің үздік тәжірибелерін саралап, жүргізуші куәлігін беруді қатаңдататын заң нормаларын қабылдау маңызды. Біздің ұсынысымыз мынадай:

Біріншіден, білім беру жүйесі – мектептерде жолда жүру тәртібі мен көлікті жүргізу негізін үйрететін арнайы факультативті курстар оқыту маңызды деп санаймыз. Біздің буын мектеп оқығанда мұндай игілікті көргенімізді айту керек-ақ. Сондықтан Оқу-ағарту және Ішкі істер министрлігі ортақ оқу бағдарламасын әзірлеуге мән бергені дұрыс.

Екіншіден, теориялық тестілеуді Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне беру қажет деп санаймыз.

Үшіншіден, автодромдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек.

Төртіншіден, автоматтептерге лицензия беруді қарастырып, олардың жауапкершілігін арттыру керек. Мәселен, жыл көлемінде белгілі бір автоматтепті бітірген жүргізушілер көп рет жолда жүру ережесін бұзса, ондай орталықтың лицензиясын кері алу тегіні реттеу керек. Мұндай тәжірибе Еуропа елдерінде сәтті қолданып отырғанын айту маңызды.

Данабек ИСАБЕКОВ,  
Мәжіліс депутаты

Ержан  
ҚОЖАС

### ТАУАРДЫ ТАПСЫРЫСПЕН...

Расымен жоғарыда айтқандай, онлайн-саудада ең белсенді топ – жастар. Үлкен буын әдеттегідей базар не сауда орындарын аралап, қажеттісін көзбен көріп, қолмен ұстамай пұлданған емес. Әрине, барлығы деуден аулақпыз. Ал жастардың тәуекелі бұған келгенде тым жоғары. Ұнаған киімнің, тәбеті шапқан асын тапсырыспен-ақ қанағаттандырады. Тіпті ел ішіндегі брендтік дүкендерді былай қойғанда, шет елдің бұйымын да интернет желісі арқылы саудаласып жатқаны. Әсіресе, көрші Қытайдан қалағанын алдырып, қосымша бизнесін дамытқандар қаншама?!

Бизнесің айтқанда Қытайдан зат алдырып, өзімізге ұсынушы қарақөздер «Пиндуодоу», «Тао бао» сияқты сайттармен жұмыс істейді. Сол жақтағы зауыттан шыққан өнімді алдырып, сатады. Әрине, олар бағаны ол жақтың бағасымен есте ұсынба. Белгілі бір пайызын қосатынын анық.

Мұның көбісі Instagram дейтін әлем желі ілеуінде. Алдырған затын мадақтап, сауда саясатын да осында қыздырып тұр. Дұрысы, Қытайдан келген көз жауын алар дүние сізді қызықтырмай қоймайды. Пұлнына келісіп, өз мекенжайында тауарыңды күте бер. Айттылған уақытта ол да келеді. Сіз де қарық боласыз, инста-кәсіпкер де пайдасына бүтін. Бірақ...

«Қытайдан керекті зат алдырмас бұрын, жергілікті халық сұранысын ұмытпау керек». Онлайн кәсіпкерлер осылай дейді. Қазір әлеуметтік желіден Қытаймен бизнес жақсы дамып жатқанын айтқан олар алдырған кез келген затты сатып, адамдарға пошта арқылы жеткізіп береді. Екіншіден, онда шығып жатқан заттың түр-түріне жарнама жасап, ерекшелігіне тоқталады. Әсіресе, тұрмысқа қажетті өнімдерге сұраныс көп. Оны да Instagram парақша жазылған пікірлерден оқи отырып, халық қызығушылығын оятқан заттарға тапсырыс береді. Өйткені сұраныс болмай, әрекетіңнің барлығы құмға сіңген судай болатын инста-кәсіпкерлер әбден меңгерген.

### ЕКІ ЖАҒЫ ДА БАР

Сарапшылар Қытайдан тауар сатып алу бүкіл әлемдегі тұтынушылар арасында танымал құбылысқа айналғанын айтып отыр. Бұл – тауарлардың қолжетімділігімен ғана







# ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР ЕЛГЕ ҚАЙТАРЫЛА МА?

Күні кеше ғана Ұлттық музейге ұлт батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының қылышы тапсырылды. Бұл құнды жәдігер Ресейден елге қайтарылды. Қылышты тапсырған адамдардың бірі, Парламент Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаровтың айтуынша, тарихи тұлғалардан қалған осындай заттар өте көп. Жеке коллекцияларда сақталғаны да, шетел асқаны да жеткілікті.

«Түркияға барсаңыздар, таңғаласыздар. Бүкіл хандарының, батыр, билерінің жәдігерлері, киген киімдеріне дейін сақталған. Ал біздің жәдігерлеріміздің көбісі шетелдерде шашылып жатыр. Жеке коллекциялардан да талай құнды жәдігерді, Берке ханнан бастап ел билеушілерінің қылыштарын, Қасым ханға, Абылай ханға тиесілі дүниелерді көрдім. Сол заттарды ұстаған кезде көзіне жас келеді, жүрегің толқиды. Соның бәрін мемлекет қайтаратын болса, халықтың рухы көтеріледі ғой. Америкада Бейбарыс бабамыз бен Жалаңтөс баһадүрдің құрандары тұр. Бұл туралы өткенде Мәдениет және ақпарат министрлігіне жеткіздім. Қалай болатынын білмеймін. Жалаңтөс баһадүрдің жәдігеріне өзбектер қызығып, алғысы келіп отыр. Енді бір жарты ғасырдан кейін Жалаңтөс баһадүр

қазақ емес, өзбек болып кетуі мүмкін... Сондай жәдігерлерді жинақтау керек. Бұл балаларымыз біз үшін оққа түсіп, елді қорғады. Сондықтан еңбектерін бағалап, қолданған заттарын ұрпаққа жеткізуіміз керек» дейді Ардақ Назаров.

Ардақ Назаров бұдан бұрын Ұлттық музей қорына Қажымұқан Мұңайтпасұлына тиесілі болған «Джамбия» қанжарын тапсырған еді. Оның айтуынша, болашақта қолына тағы осындай құнды жәдігерлер түсіп, қолдайтын қалталы азаматтар болса, тапсыруға дайын.

«Мемлекеттен қаржы бөлінсін деп күтіп отыра бермей, Айдарбек Асанұлы (Жанқожа батырдың қылышын тапсырған екінші адам – А.Қ), достарымыздың қолдауымен бұл жәдігерлерді табыстаймыз. Өйткені мұндай жәдігерлер тарихта қалу керек» дейді Ардақ Назаров.



Жәнібек ханның дулығасы

Ұлттық музей директорының міндетін атқарушы Берік Әбдіғалиұлының мәліметінше, ұлтымызға қатысты талай жәдігер АҚШ-тың «Метрополитен» музейінде жатыр.

«Әлемнің әр жерінде жатқан бабаларымыздың заттары туралы деректер бар. Мысалы, қазір «Метрополитенде» Жәнібек ханның дулығасы тұр. Оның АҚШ-қа жету та-

рихының өзі қызық. Бір америкалық турист Тибетке барып, антиквариат дүкенінде темірдің арасында шаңшаң болып жатқан дулығаны көріп, арабша жазуы бар екен, соған қызығып алып кеткен. Музейге тапсырса, Алтын орда кезіндегі Жәнібек ханның дулығасы екені анықталды. Оған бәріміз қызығамыз. 2018 жылы Ұлттық музейде қызмет істеп жүр-

**Тарихи жәдігерлерімізді шетел мұражайларынан Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру да маңызды. Ондай мүмкіндік болмаса, еліміздегі мұражайларға қою үшін жәдігерлеріміздің дәлме-дәл көшірмесін жасау керек.**

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінен.**

генімде көрмеге шақырайық деп «Метрополитенге» хат жаздық. Еш жауап болмады. Содан дулығаға қолымыз жетпей жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында сырттағы жәдігерлерді қайтаруды тапсырған еді. Соны мемлекет тарапынан ғана емес, демеушілердің қолдауымен іске асыру керек. Жәдігердің өзіне қол жетпесе, көшірмесін әкелу керек. Тиісті тапсырма берілді, осы уақытта Мәдениет және ақпарат министрлігі біраз жұмыстарды атқарып жатыр. Тарихи жәдігерлерді түгендеп, қайда жатқаны туралы анықталу үстінде» деді Берік Әбдіғалиұлы.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Астананың 20 жылдығына арналған «Өнердегі өмір» атты көрмені тамашаладық. Онда белгілі кәсіпкер Нұрлан Смағұловтың коллекциясындағы Салахитдин Айтбаев, Молдахмет Кенбаев, Айша Ғалымбаева, Сабыр Мәмбеев, Жанатай Шәрденнов, Шаймардан Сариев, Тоқболат Тоғысбаев, Үкі Әжиев, Сахи Романов, Бақтияр Тәбиев, Әбдірашит Сыдыханов, т.б. Қазақстан бейнеу өнері классиктерінен бастап, кейінгі буын суретшілерінің картиналары қойылды. Сонда кәсіпкер Салахитдин Айтбаевтың «Дала қосынындағы түскі ас» картинасын Лондонның атақты «Кристис» аукционнан сатып алғанын айтты. «Картиналарды суретшілердің шеберханаларынан, олардың отбасыларынан жинадым. Біразын Англиядағы «Кристис» аукционнан, Израильден, Мәскеуден сатып алдым. Көп картиналар шетел асқанда соларды тауып, Қазақстанға қайтаруды өзіме парыз санадым» деген еді сонда Нұрлан Смағұлов.

Осындай тарихи жәдігерлер бір әулеттің, бір отбасының ғана мүлкі емес, ұлт мұрасы. Сондықтан оларды елмен қауыштыру өте маңызды екенін айтпасақ та түсінікті.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## ІЗГІЛІК ПЕН ІРІЛІК ЖЫРШЫСЫ

Оңайгүл Тұржанның екі бөлімнен тұратын бұл жыр жинағына соңғы жылдары жазылған өлеңдері мен поэмалары енгізілген. Ақынның шығармашылығы туралы белгілі ақын, филология ғылымдарының докторы Жанат Әскербекқызы мазмұнды баяндама жасады. Ол кітап авторының поэзиядағы, аударма ісіндегі, ғылымдағы еңбектеріне тоқтала келе, жаңа жинақтың ерекшелігі жайында айтты.

«Ақынның бұл кітабы адам мен табиғат, адам мен қоғам байланысын ақындық пайыммен толғаған өлеңдерден тұрады. Автор адам атты ұлы ұғымды «Сен», «Мен», «Біз», «Сіз», «Ол» атты жекелеген ұғымдарды тұтасуымен түсіндіреді. «Ағаштар үнсіз өседі» – Оңайгүл Тұржанның ақындық ізденісінің кеңістігін танытатын, оқырманға берері көп мәнді де мағыналы, көркемдігі келіскен кітап. Өмірдің биік бір белесіне көтерілген ақын осы жыр кітабымен өлеңнің де бір биік асуын бағындырып отыр» деді Жанат Әскербекқызы.

Белгілі журналист, әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі, Президент кеңесшісі Бауыржан Омарұлы жаңа кітап туралы пікірін айтты.

«Екі поэма, көлемді жырлар, балладалар және лирикалық өлеңдер топтастырылған бұл кітаптың негізгі ортақ тақырыбы – ел мен жер, адам мен заман, байып пен байлам десе де болар. Бұл кітаптағы өлеңдердің негізгі идеясы – ізгілік пен ірілік. Адамды аялау, сезімді саялау. Қатыгездің қатал жүрегіне жақсылық іздеу. Оңайгүл ақынның өлеңдеріндегі ізгілік пен мейірімділіктің шектен тыс екенін көрген соң жанталасқан жаудың өзіне де, көзіне де жәудірей қарағын кеп кетеді» деді ғалым.

Мәдениет және ақпарат министрінің кеңесшісі, ақын Шерхан Талап министр Аида Балаеваның құттықтау хатын

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты Оңайгүл Тұржанның 70 жас мерейтойына орай «Ағаштар үнсіз өседі» кітабының таныстырылымы өтті. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, қаламгерлер мен ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, оқырмандар қатысты.



оқып берді. Мемлекет және қоғам қайраткері Зейнолла Алшымбаев, белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқаров, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Жанна Құрманғалиева, көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, белгілі тележүргізуші Дана Нұржігіт, көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп, әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңсілікұлы жылы лебіздерін

жеткізді. Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы аталмыш одақ төрағасы Мереке Құлқеновтің құттықтауын оқыды.

Таныстырылым барысында студенттер ақынның өлеңдерін оқыды. Оқылған өлеңдердің бірі «Мағжан. Сейітмағамбет. Патефон» деп аталады. Осы өлең кейіпкерінің немересі, саяси және қоғам қайраткері Гүлнар Сейітмағамбето-

ва өлеңдегі оқиғаның тарихы туралы әңгімеледі. Алаштанушы ғалым Қайрат Сақ, журналист, жазушы Шархан Қазығұл сөз сөйледі. Белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаева Оңайгүл Тұржанның Қытайдағы байқауға қатысқан Димаш Құдайбергеннің жарқын болашағына ата-анасынан бұрын сенгенін, кітап жазғанын айта келе, ақынға алғыс айтты.

Астана тұрғындарының саны жылдан жылға көбейіп келеді. Әсіресе, жастар үшін елорда арман қалаға айналып барады.

## МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Астана тек қана саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени орталыққа ғана айналып қоймай, ордалық білім ордасына да айналып отыр. Осы мақалада елорданың қай жағынан болмасын бүгінге дейін сала бойынша жеткен жетістіктерін, көзтартар әсем құрылыстарын зор мақтанышпен айтқым келеді.

Астана шын мәнінде жастарды өзіне тартып, жаңа мүмкіндіктер мен үміттер ұсынып келеді. Арман қуып келгендердің саны күннен-күнге артауда. Мұнда түрлі саладағы адамдар өздерінің армандарын жүзеге асырып, болашақтарына жол салуда. Әрбір көшесі, ғимараты, саябағы – бірегей мүмкіндіктер мен жетістіктердің белгісі. Қалада орын алған өзгерістер тек түрлі салалар мен саулет өнерінің жетістіктерімен ғана шектелмейді, ол ең бастысы, адамдардың өміріне жаңа бағыт, жаңа үміт қосқан қала болып отыр. Әрбір тұрғынның көзінде арман оты бар. Білім іздеп келгендер білімнің және ғылыми дамудың орталығы ретінде қабылдайды. Еліміздің ең үздік жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтары орналасқан. Назарбаев Университеті, Астана медицина университеті, Қ.Сәтбаев атындағы университет, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті т.б. сияқты оқу орындары өз студенттеріне әлемдік деңгейдегі білім беріп, болашақ ғалымдар мен мамандарды тәрбиелеуде. Олар тек білім беріп қана қоймай, студент-

терге өз жобаларын жүзеге асырып, жаңа идеяларды іске асыру үшін қажетті қолдауды көрсетеді.

Мәдениет пен өнерге бет алғандар да өз ізін қалдыруда. Қалада театрлар, концерт залдары, көркем галереялар мен мәдениет орталықтары жұмыс істейді. Бұл мекемелер жастарға өз өнерлерін танытуға, жаңа шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, жас музыканттар, суретшілер мен актерлер үшін үлкен сахнаға айналған. Мұнда өткізілетін түрлі фестивалдар мен өнер көрмелері қала мәдениетін әлемге танытуға көмектеседі. Әр адам мұнда өз өнерін танытып, үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік алады.

Қала жас мамандарды қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар мен жобалар ұсынады. Жастарды қолдау мақсатында жүзеге асырылатын түрлі әлеуметтік жобалар олардың кәсіби тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Көптеген жастар өз болашағын іздеп келіп, осында өз армандарын жүзеге асырады.

Сайып келгенде, бұл – арман қала, үміттер қаласы. Бұл қала тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның мәдени, экономикалық және ғылыми орталығы болуға ұмтылууда. Нақты саясатпен келгендердің жақсы осы қалада үздіксіз жалғасып, олардың әрқайсысы өз армандарын орындалғанын көздейді.

**Ақжан АКИМОВА,**  
Астана қаласы  
№17 мектебінің  
11 «А» сынып оқушысы





## ӘЛЕМ БИЛЕРІ САХНАЛАНДЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында талантты биші, «Гүлдер» ансамблінің әртісі, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Іңкәр Айдарханқызының жеке концерті өтті.

Концерттік бағдарламада қазақ ұлттық және әлем халықтарының билері, заманауи хореографиялық шығармалар, сондай-ақ Қазақстанның жетекші хореографтарымен бірлесе әзірленген эксклюзивті және жаңа қойылымдар ұсынылды. Атап айтқанда, «Тоқымқағар», «Желдірме», «Былқылдақ», «Ақ

жауын», «Алтынай», «Тибет биі» және т.б. билер орындалды.

Іс-шараға Қазақстанның халық әртісі Секен Тұрысбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ардақ Балажанова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Асқар Мұқият және Әлібек Әлмәдиев,

Мәдениет саласының үздігі Бауыржан Бекмұханбет, Temirlan&Yernat дуэті, танымал қазақстандық қобызшы Олжас Құрманбек, халықаралық байқаулардың лауреаты Меруерт Тұрсынбек, талантты музыкант Нұрмұхаммед Сәтен және Gulder ансамблі қатысты.

Айта кетейік, Іңкәр Айдарханқызы – кәсіби

биші, аты аңызға айналған «Гүлдер» ансамблінің әртісі. Еліміздің ең үздік хореографиялық мектебін тәмамдап, Римдегі Ұлттық би академиясында тағылымдамадан өтті. Жас биші бүгінде «Гүлдер» ансамблі балет труппасының көшбасшысы ретінде өзін жақсы қырынан танытып келеді.

## ИТАЛЬЯН ӘНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясында Қ.Жұмакенов атындағы үрлемелі оркестр «Gelato Con Caffè» атты концерт қойды.

Концертте әйгілі неаполитан әндері, итальян эстрадасының танымал хиттері, сондай-ақ Эннио Морриконе мен Нино Рота сияқты итальян композиторларының кинотуындылары орындалды.

Осылайша көрермендер итальян әндерін филармонияның солистері мен үрлемелі оркестрінің және Алтынбек Арыстанбек, Ринат Нұрмұхан, Әкімхан Маженов, Ақбота Құснадин, Құралай Мейрамбек, Бақдәулет Жақыпов, Әнел Смаилова, Мұратбек Хайролда, Айдын Жұмабай, Нұрсәт Алмас, Дәурен Төлеубаев, Хамит Отарбаев сияқты мықты әншілерімізбен, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ, сондай-ақ Камералық хорының орындауында тыңдап әлемдік



музыканың аурасымен тыныстап, рухани серпіліп қайтты.

Кеш барысында итальян композиторлары Нино Рота мен Эннио Морриконең әлемдік кино музыкасы-

ның жауһарлары мен қатар Эннио Морриконең «Миссия» фильміндегі «Габриэльдің гобойы» және «Cinema Paradiso» туындыларын Сая Жақсылыққызы орындады. Сонымен қатар

Нино Ротаның «Крестный отец» фильмінің саундтрегі де шырқалды.

Үрлемелі оркестрдің көркемдік жетекшісі – Никита Почиталин. Бас дирижёр – Дархан Рахымғалиев.

## МЕКТЕПТЕГІ МЕРЕКЕ

Астанадағы №73 мектеп-лицейінде «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайыс өтті. Сайысқа жалпы 100-ден аса мектеп оқушысы қатысты.

Ұйымдастырушылар бұл спорттық сайыс аталған мектептің 3-сынып оқушылары мен олардың ата-аналары арасында өткізіліп жатқанын айтып, осы іс-шара арқылы отбасы құндылықтарын нығайтуды басты мақсат еткендерін айтады.

«Бұл сайыс мектебімізде жылда дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Отбасы құндылықтарын дәріптейтін бұл іс-шара оқушы, ұстаз, ата-ана арасында үш-жақты ынтымақтастықты күшейтудің тамаша үлгісі деп есептейміз. Жалпы бұл – 3-5 сыныптар аралығында өтетін сайыс. Қазір бірінші кезеңі, 3-сыныптар қатысты. Балалар мен олардың ата-аналары қысқы таза ауада әртүрлі эстафеталық ойындарға атсалысты. Бұл сайыстың бір қызығы – аналар күш сынасса, әкелер бауырсақ пісірді. Барлық қатысушылар ойын арасында ошақта піскен ыстық бауырсақ пен шоқ самаурында қайнаған шайдан ауыз тиді. Мұндай іс-шаралардың жиі ұйымдастырылуы балалар мен ата-аналар арасын тіпті де жақын-

дата түседі» деді №73 мектеп-лицейі директоры Гүлшат Қалтаева.

Ал сайыс қатысушылары эстафеталық таяқшамен жүгіру, шанамен жарыс, арқан тартыс, қол күресі және «Бауырсақ-Fest» жарысында бақ сынасып маз болды.

«Мектепте ұйымдастырылатын іс-шараларға жиі қатысып жүрміз. Жұбайымыз екеуміз өнер саласында ұстаздық еткендіктен, балаларымыздың сабағын қадағалап, сабақтан тыс өтетін іс-шараларға да атсалысамыз. Дәл осы білім ошағында 3 балам оқиды. Бүгін 3-сыныпта оқитын қызым Зеренің сайысқа қатысушы сыныпшасын қолдауға келдік. Жалпы мұндай жарыстардың ұйымдастырылуы балалардың спортқа деген қызығушылығын, қоғамдағы басқа адамдарға деген көзқарасын айқындап, олардың өмірге деген махаббатын арттырады деп сенемін» деді жарысқа келген Айдос Мақұлбеков.

Сайыс соңында жеңімпаздарға алғысхаттар мен арнайы сыйлық берілді.




## АСТАНАЛЫҚ СПОРТШЫ АЛТЫН АЛДЫ

Астана қаласының спортшысы Алина Дауранова Италияның Коллальбо қаласында конькимен жүгіру спортынан жасөспірімдер мен нео-сеньорлар арасындағы әлем кубогының кезеңінде жеңіске жетті.

Ол 1000 метр қашықтықта нео-сеньорлар санатында бірінші орын алып, 1:21.74 уақыт көрсеткішімен мәреге жетті. Ал одан кейін мәре сызығына жеткен италиялық Мэйбриг Вигл (1:22.77) күміс жүлдені иеленсе,

қола норвегиялық Айне Наккенге бұйырды (1:23.50).

Еске салайық, осыған дейін Алина Дауранова командалық спринтте алтын, 500 метр қашықтықта күміс жүлде жеңіп алған болатын.



«ҚАЗАҒЫМ-АЙ»

6 ақпан

19:00

«QAZAQSTAN» концертзалы



TAMUR

6 ақпан

19:00

Филармония залы